

**Н.О. Жаныкулов** 

Ондокуз Майыс Университеті, Түркия, Самсун қ.  
e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

## **ЗҰЛЫМДЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ ЖӘНЕ ТЕОДИКА: ДІН ФИЛОСОФИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН ТАЛДАУ**

Тарихи тұрғыдан көз жүгіртсек, жамандық/зұлымдық мәселесі антикалық грек философиясынан бастап, бүгінгі күнге дейін тартысып келсе де өзектілігін жоймаған. Себебі, зұлымдық адамзаттан ажырамайтын экзистенциалды феномен. Әсіресе философияның ең өзекті тақырыбы. Бұл тақырыпты зерттеген Гераклит: «жақсылық пен жамандықты бір нәрсе» – деп есептесе, Шеллинг: «жамандық, жақсылықтың ортаға шығуы үшін міндетті әрі қажетті» – деп таныды. Ибн Араби: «Құдай зұлымдыққа жаны ашығандықтан оны жаратты» – десе, Августин: «Құдай зұлымдықты жаратқан жоқ, зұлымдық ізгіліктің жоқтығы» – деп анықтама берді. Яғни, бұл тұжырымдардан байқағанымыздай ешбір философ, теолог бұл толғақты тақырыптан айналып өтпеген.

Мақалада теистік сенім негізіне қарсы атеисттердің басты аргументтерінің бірі болған жамандық/зұлымдық мәселесі талқыланады. Зұлымдық деген не? Онтологиялық құрылымы қандай? Оны кім жаратты? Жер бетіндегі зұлымдықтарды Құдай жаратты ма, әлде зұлымдық адамның әрекетінен туындаған құбылыс па? Зұлымдық адамзатқа берілген жаза ма әлде сынақ па? сынды діни-философиялық сұрақтар тарих бойынша тартысып келсе де ортақ бір жауабын таппаған. Ұсынылып отырған мақалада зұлымдық феноменінің мазмұны мен мағынасын ашып, зұлымдық проблемасының ортаға шығу себептері мен логикалық, эвиденциялық моделдерін қарастырамыз. Сондай-ақ мақаламызда исламдық және батыстық ойлау жүйесінде әртүрлі теодика ұсынған ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып, зұлымдық мәселесінің дәстүрлі шешім жолдарын ортаға қоямыз.

**Түйін сөздер:** зұлымдық пен ізгілік, зұлымдық және Құдай, теодицея, Құдайдың үнсіздігі.

N.O. Zhanykulov

Ondokuz Mayıs University, Turkey, Samsun  
e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

### **The problem of evil and theodicy: analysis from the point of view of the philosophy of religion**

From a historical point of view, the problem of evil has not lost its relevance even though it has been debated since ancient Greek philosophy. This is because evil is an existential phenomenon inseparable from humanity. Especially the most relevant topic of philosophy. Heraclitus, who was concerned about this topic, believed that “good and evil are one thing”, while Schelling recognized that “evil is necessary for the emergence of good”. Ibn Arabi said, “God created evil because he has pity for it,” and Augustine defined it as “God did not create evil, evil is the absence of good.” As it can be understood from these results, no philosopher or theologian has avoided this important issue.

This article discusses the problem of evil and deceit, which are one of the main arguments of atheists against the basis of theistic faith. What is evil? What is the ontological structure? Who created it? Has God created evil on earth or is this phenomenon caused by the action of humanity? Is evil a punishment or a test given to humanity? Religious and philosophical questions of this kind have always been discussed in history, but to this day, there is no concrete answer to these questions. This article discusses the content and meaning of the phenomenon of evil, as well as the causes and logical, evidential models. Moreover, in this article, we will outline the traditional ways of solving the problem of evil, based on the views of scientists put forward by various theodicy in Islamic and Western thinking.

**Key words:** Evil and goodness, evil and God, theodicy, the silence of God.

Н.О. Жаныкулов

Университет Ондокуз Майыс, Турция, Самсун г.  
e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

### **Проблема зла и теодицеи: анализ с точки зрения философии религии**

С исторической точки зрения проблема зла не утратила своей актуальности и ныне, хотя дискуссия о ней ведется еще со времен древнегреческой философии. Это потому, что зло есть экзистенциальное явление, неотделимое от человечества. Это одна из самых актуальных тем

философии. Гераклит, которого волновала эта тема, считал, что «добро и зло – одно», а Шеллинг признавал, что «зло необходимо для возникновения добра». Ибн Араби сказал: «Бог создал зло, потому что ему жаль его», а Августин определил это, как «Бог не создавал зла, зло – это отсутствие добра». Как можно понять из этих результатов, ни один философ или теолог не избежал этого важного вопроса.

В данной статье обсуждается проблема зла и коварства, которые являются одним из главных аргументов атеистов против основы теистической веры. Что такое коварство/зло? Какова онтологическая структура? Кто это создал? Сотворил ли Бог зло на земле или это явление вызвано действием человечества? Зло/коварство – это наказание или испытание, данное человечеству? Религиозно-философские вопросы такого рода всегда обсуждались в истории, но по сей день нет конкретного ответа на эти вопросы. В этой статье обсуждаются содержание и значение феномена зла, а также причины возникновения и логические, эвиденциальные модели. Более того, в этой статье мы изложим традиционные пути решения проблемы зла, опираясь на взгляды ученых, выдвинутые различными теодицеями в исламском и западном мышлении.

**Ключевые слова:** зло и добро, зло и Бог, теодицея, молчание Бога.

## Кіріспе

Философияда қатар қолданылып келген зұлымдық пен жамандық ұғымын кейбір зерттеушілер «пайдасыз», «жағымсыз», «жасалмауы тиіс әрекет» – деп пайымдаса, ал кейбірі зұлымдықты «азап», «білімсіздік», «әділетсіздік» – деп тұжырымдайды. Мысалы, Сократ пен Платон жамандықты білімсіздікпен байланыстырса, Аристиппос (б.з.д. 435-355) тек қана азап, қайғыдан тұратын бір құбылыс – деп тұжырымдайды. Жамандық ұғымын білдіретін латынша “malum” сөзі негізі Аристиппостың берген анықтамасына жақын «пәлекет», «ауру», «азап», «бақытсыздық» сынды мағыналарды береді (Үаса, 2014: 18). Яғни, жалпылама танымын беретін болсақ, зұлымдық – табиғат (табиғи) немесе адамнан туындаған жер сілкінісі, сел, құрғақшылық, ашаршылық пен кедейшілік, ауру мен өлім сынды әртүрлі адамзатты мазалайтын, бойына қорқыныш пен үрей, қайғы мен мұң ұялататын құбылыстардың сипаттамасын білдіреді.

Зұлымдық/жамандық сөзінің этимологиясына тоқталсақ, жамандықты білдіретін арабша «шәр» сөзі (رشا) «шәрэрә» түбірінен тарайтын «зұлымдық», «қатігездік», «бұзақылық» сынды бірнеше мағына береді. Сондықтан халық арасында арабтар зұлымдық жасайтын кісіні «ширир» деп атайды. Қысқаша айтқанда жақсылықтың теріс мағынасын білдіретін «шәр» сөзі көбінесе адамның іс-әрекетінен туындайтын жағымсыз құбылыстар үшін қолданылады (Манатов, 2019: 32). Ал құран тұрғысынан алар болсақ, «Құрандағы зұлымдық мәселесі» атты еңбектің авторы Лутфуллаһ Джебежидің тұжырымдауы бойынша «шәр» сөзі «жаза» мен «емтихан/сынақ» сынды мағыналарды береді (Себе-

сі, 1985: 309). Құран аясында қажырлы еңбек сарп еткен басқа да ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, «шәр» сөзінің мағынасына қатысты ұғымдарды былайша тізбектеуге болады: «емтихан», «жаза», «сынақ», «тәртіп (дисциплин)», «адамға берілген ерік қалауды теріс мақсатта қолдану», «эсхатологиялық өтем» т.б. (Үаран, 2016, 127). Ал батыста жиі қолданылатын ағылшынша “Evil” сөзіне келсек, философиялық әдебиеттерде қолданылған жеріне қарай сөздің мағынасы өзгеріске ұшырап отырады. Көбінесе адамның әрекетінен туындайтын моральдық/этикалық зұлымдықтар мен табиғи зұлымдықтарға қолданылады. Ал немісше “Übel”, французша “Le mal” сөзі бүкіл жамандық атаулыға тегіс қолданыла береді (Үаран, 2016, 28).

Зұлымдық проблемасы, әсіресе, теисттер мен атеисттер арасында көптеген тартыстар мен қақтығыстар туғызған. Оның бір мысалы ретінде атеисттердің теисттерге тұспалдап айтқан мына бір сөзін келтіруге болады: «Сен теист ретінде дүниедегі ұшы-қиыры жоқ зұлымдықтарды Құдайдың ізгілігімен қалай үйлестіресің, ал мен үшін зұлымдық ешқандай мәселе туындатпайды, себебі Құдайды жокқа шығарумен мәселенің түйіні шешіледі» (Үаран, 2012: 129). Теологтар мен философтардың арасында бүгінгі күнге дейін жалғасқан бұл тартыстардың шығуына Эпикурдың «Құдай – ізгілікті қалаушы болмыс болса, неліктен әлемде зұлымдық бар?» (Үаса, 2015:15) сөзі мұрындық болды. Эпикурдың қозғаған мәселесі негізі өте күрделі, нәзік әрі қауіпті тақырып болғанына қарамастан ғылыми ортада, тіпті қоғамдық өмірде бұл тақырыпқа қатысты сұрақтар мен ізденістер азайған емес. «Шексіз құдірет иесі күшті болса, не үшін сүйікті құлдарын зұлымдықтан арашалап

алып қалмайды? Христиандардың қасиетті жазбасында баяндалғандай, айқышқа керіліп, азаппен қиналған Хз. Исаның «Құдай, неге мені тәрк еттің?»<sup>1</sup> – деп күйінішпен зарлауы, Құдайдың қайырымдылығымен қаншалықты үндеседі? Мұсылмандардың қасиетті жазбасында баяндалғандай ( *لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ* )<sup>2</sup> «біз Құдайдың ұлдарымыз» – деп өздерін Құдайға жақын санаған Яһудилер неліктен тарихи зорлық-зомбылық кезінде Құдайдан безді? Осы сынды сұрақтар мен түсініктер батыстық ойлау жүйесінде «Құдайдың үнсіздігі/жасырын Құдай» (The silence of God / The Hidden God) сынды ұғымдардың қалыптасуына түрткі болды. Бұл тақырып аясында зерттеу жұмыстарын жасаған ғалымдар аргументтерін қуаттау мақсатында әртүрлі тарихи фактілерді ортаға қоюға тырысқан. Мысалы, Холокост оқиғасына қатысты сөз қозғаған теолог Эугене Боровитц (1924-2000), Аушвиц концлагеріндегі тұтқындар арасында үмітсіздікке ұрынғандар «Құдай өлді» сөзімен Құдайдан теріс айналғандығын баяндайды (Borowitz, 1973: 99). Яғни, бұл түсініктегі ғалымдардың пікірінше Құдай, адам және зұлымдық ұғымдары арасында ымыраға келмейтін бір шиеленіс бар. Егер Құдай бар болса зұлымдыққа орын берілмеуі тиіс еді, ал егер зұлымдық бар болса, онда Құдайдың бар болуы ықтимал. Жоғарыда айтып өткендей Эпикур (б.з.д 341-270) бұл мәселенің көтерілуіне үлкен септігін тигізді. Оның зұлымдыққа қатысты айтқан сөздерін Дэвид Хьюмның (1711-1776) толықтырған нұсқасы бойынша ортаға қойсақ: *Егер теисттер қуаттағандай шексіз құдірет иесі және тек қана ізгілікті қалаушы, мейірімді Құдай болмысы бар болса, неліктен әлемде әділетсіздік пен зұлымдық бар. Құдай, әлемдегі жамандыққа тоқтау салғысы келеді, алайда күші жетпей ме? Олай болса шексіз құдірет иесі танымы негізсіз. Ал, егер зұлымдықты тоқтата алады, бірақ олай болғанын қаламайды десек, ізгі ниетті Құдай танымына қайшы келеді. Ал, Құдай жамандықты жоя алады, әрі солай болғанын қалайды десек неліктен әлем жамандыққа толы?* (Yasa, 2015:15).

Сонымен бұл бітпейтін сұрақтардың жауабы не, шешімі қандай? Пенденің азапталуы Құдайға не үшін қажет болды? Аталған сұрақтарға ойшылдар қауымы әртүрлі жауап нұсқаларын ұсынса да, ұсынған аргументтері ауыр сынға

ұшырап отырған. Христиан ғылымының негізін қалаушы Мэри Бэйкер: (1821-1910) «физикалық әлемде ақиқат секілді көрінген күнә мен ауру сынды зұлымдықтар шын мәнінде бір иллюзиядан басқа ештеңе емес» – деп жауап қатады. Ал, Альбер Камю (1913-1960) «Оба» атты романында «бастарыңа пәле келді бауырларым, себебі соған өздерің лайықты едіңдер» – деп зұлымдықты жазамен байланыстырған (Davies, 2011: 44). Адамға берілген қиыншылық пен азап шын мәнінде иллюзия ма, жаза ма әлде сынақ па? Ендеше бұл тақырыпқа қатысты айтылған сын пікірлерге қысқаша тоқталсақ.

Исламдағы ортағасырлық мутазила бағытының түсінігі бойынша зұлымдық проблемасын тек сынақ пен жазамен байланыстыру мәселенің шешімі бола алмайды. Себебі, азап – сәбиге де, жануарға да ортақ (Yaran, 2016: 169). Нақтылай кетсек, жазықсыз, пәк, шырылдап жылаған нәресте мен жыртқыш аңға жем болып, азапталған жануардың күйін қандай жазамен немесе сынақпен байланыстыруға болады. Дәл осыған ұқсас, тіпті бірдей көзқарасты зұлымдық мәселесіне қатысты қажырлы еңбек сіңірген америкалық философ Уиллиам Роу (1931-2015) «Зұлымдық проблемасы» (The Problem of Evil) атты еңбегінде Бэмби мен Суе мысалдары негізінде ұсынған болатын. Оқиға желісі бойынша, отқа оранған орманның ортасында ағашқа қысылып, азаппен өлген Бэмби есімді еліктің лағы мен Суе есімді анасының ішімдікке сылқия тойған көңілдерінің қолынан зорлық-зомбылықпен қаза тапқан бес жасар қыздың қорлығы баяндалады (Micheal, 2019: 289). Ойшыл, ойын қорытындылай келе, аталмыш трагедиялардың Құдайдың ізгілігімен үйлеспейтіндігін, «Құдайлық әділдік» теориясына қайшы екендігін алға тартады.

Егер кез келген зұлымдықтың сөзсіз бір мақсаты мен себебі болса, мұндағы жазықсыз сәби мен лақтың өлімінде қандай мақсат көзделген болуы мүмкін? Осыған ұқсас метафизикалық зұлымдық түріне жататын даун синдромы бар баланың азабын, қоғамнан оқшауланып, өмір бойы сол психологияны аркалап өмірден өтуін қандай иллюзия, сынақ немесе жазамен байланыстырмақпыз? Шын мәнінде бұл сұрақтар біз ойлағандай оңай жауап табатын мәселелер емес. Дегенмен ілгеріде зұлымдыққа қатысты еңбек сіңірген теолог, философтардың алға тартқан аргументтері мен теодикалары мәселенің шешімін табуда үлкен көмегін тигізеді. Ұсынылып отырған мақалада аталмыш мәселелерге

<sup>1</sup>Markos 15:34, Matta 27:46.

<sup>2</sup>Мәйдә сүресі / 18.

талдау жасалынып, орын алған тартыстарға қатысты шешім жолдарын ұсынған теологтар мен философтардың теодикаларына орын беріледі.

### **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

Адамзат тарихына назар аударсақ зұлымдық мәселесіне қатысты ізденістер тарихтың ешбір кезеңінде үзіліп қалмаған. Бұл тақырыпқа қатысты ізденістердің алғашқы іздері Эпикурда көрінсе де, құбылыс ретінде ортаға шығуы сонау көне Мысыр, Үнді, Қытай философиясына барып тіреледі. «Жақсылық пен жамандықты бір» – деп таныған Гераклит, «жамандық, жақсылықтың ортаға шығуы үшін міндетті әрі қажетті» – деп санаған Шеллинг, жамандық мәселесіне қатысты «теисттік сенім негізіне бағытталған бір жолдау (challenge)» сипаттамасын берген Джон Хик, «Құдай зұлымдыққа жаны ашығандықтан оны жаратты» – деген Ибн Араби (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014:193), «Құдай зұлымдықты жаратқан жоқ, зұлымдық ізгіліктің жоқтығы» (Yasa, 2014:12) – деп анықтама берген Августин (бұл тұжырым Эйнштейнде де кездеседі) сынды философ, теологтардың берген анықтамаларынан белгілі болғандай зұлымдық мәселесі тарихтың әр кезеңінде жиі көтеріліп отырған.

Зұлымдық проблемасы тек философияның ғана емес, теологияның, психологияның, социологияның, әдебиеттің, дін философиясы мен кәлам ғылымының негізгі тақырыптарының бірі. Дін философиясында бұл тақырыпты «зұлымдық» және «ізгілік» ұғымдарымен қолға алса, кәлам ғылымы «хусн», «кубх», яғни «әсемдік» пен «көріксіздік» ұғымдары арқылы талдауға тырысқан. Байқағанымыздай зұлымдық мәселесі көптеген ғылым саласының ортақ проблемасы. Сондықтан бұл тақырыппен айналысу, зерттеп-зерделеу, тек философтардың ғана емес, теолог, психолог және жазушылардың да ортақ міндеті.

Мақаланың мақсаты: алдымен зұлымдық ұғымының мазмұнын ашу. Екінші кезекте осы тақырып аясында тұжырым жасаған философ, теологтардың теодикалары арқылы мәселенің шешім жолдарын ұсыну. Сондай-ақ осы тұста маңызды айта кететін жәйт, зерттеу жұмысымыздың мақсаты Құдайдың әрекетін сынау немесе зұлымдықты насихаттау емес, керісінше Құдайдың ізгілігі арқылы зұлымдықтың діни-философиялық мәні мен хикметін ашу.

### **Әдіснама**

Мақалада зұлымдық пен Құдай арақатынасындағы мәселелерге терең феноменологиялық талдау жасалынды. Зерттеу барысында тарихи талдау, жүйелеу және сыни ойлау әдістері қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісіне сүйене отырып, зұлымдық мәселесінде пессимистік, нигилистік және оптимистік ұстанымды ұстанушы философ, теологтардың пікірлерін талдап, сараладық. Экзистенциялық толғаныстарды талқылау мақсатында герменевтикалық әдіске жүгіндік.

Зұлымдық проблемасы батыстық және шығыстық ойлау жүйесінде жеткілікті деңгейде қолға алынған. Десек те әлі де түйткілі тарқамаған маңызды тақырып. Мақалада батыстық және шығыстық ғалымдардан Э. Мадден мен П. Харренің («Evil and the Concept of God», 1968), Мак Клоскидің («God and Evil», 1960), А. Плантинганың («Alvin Plantinga ve Din Felsefesi», 2007), Уиллиам Х, Брюс Р, Дэвид Б, Майкл Петерсонның («Akıl ve İnanç», 2019), Яранның («Kötülük ve Teodise», 2016), Ясаның («Kötülük Sorunu», 2015, «Tanrı ve Kötülük», 2014), Шәкәрімнің («Иманым», 2000) ой-тұжырымдары, теориялық негіздері қарастырылған.

### **Нәтижелері және талқылама**

#### **Зұлымдық проблемасының моделдері.**

*Логикалық модел.* «Барлық нәрсені білуші, барлық нәрсеге күші жетуші, шексіз мейірімді (игі) Құдай» танымымен зұлымдықтарды бірге қарастырғанда екі ұғым арасында ымыраға келмейтіндей қарама-қайшылық бар секілді көрінеді. Осыған орай теист философтар теодика ұғымын қалыптастырып, бұл доктринаны одан әрі дамытты. Бұл доктринаға деген қажеттілік, Құдай мен зұлымдық арасында орын алған қайшылықтарда әділ жол, шешім іздеуден туындады. Құдайды ақтауды мақсат еткен бұл доктрина, әлемде орын алған зұлымдықтар мен Құдайдың мейірімділігінің ешқандай қайшылық тудырмайтындығын дәлелдеуге тырысқан. Бұл теодикалардың дамуына «жамандық проблемасының логикалық моделі» үлкен үлес қосты. Бұл модельдің қысқаша мазмұны: Дүниеде қарама-қайшылық пен шиеленіс тудыратын екі зат болса, сөзсіз біреуі жоқ болуы тиіс. Нақтырақ айтсақ, егер дүниеде зұлымдық болса Құдай болмауы тиіс, керісінше Құдай болса зұлымдыққа орын жоқ. Атеисттік тәсілмен жасалған бұл моделді

Эпикур мен Хьюмның көзқарастарына сүйене отырып, Маккие былайша ұсынады (Үарап, 2012: 132).

– Құдай бар және қайырымды.

– Құдай бар, күдірет иесі және оның күш-күдіретінің шегі жоқ.

– Қайырымды әрі күдіретті Құдай, зұлымдыққа тосқауыл бола алады.

– Бірақ әлемде зұлымдық бар.

– Демек, Құдайдың бар болуы ықтимал (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 198).

Моделдің түйіні «Құдай жоқ», «бар болған жағдайда да күш-күдіретінің шегі бар» формасындағы екі тандаудың біріне апарып тірейді. Алайда, бұл атеистік моделді талдағанда, ол пікірді қуаттаған ғалымдардың сенімі мен ұстанымдарын ескерген жөн. Олардың мәселеге бір жақты, пессимистік көзқараспен қарауы немесе қатаң бір тілді қолдануы дәлелінің дұрыс екендігін білдірмейді. Бәлкім тақырыптың тартысты екендігін көрсетер. Осы орайда ілгеріде тоқталып өтетін жамандық проблемасының эвиденциялық моделі мәселеге оптимистік тұрғыдан қарауға, басқа бір қырдан жауап табуға көмектеседі.

*Эвиденциялық модел.* «Жамандық проблемасының эвиденциялық моделі» бойынша дүниеде орын алған зұлымдықтар, Құдайды жоққа шығаруға дәлел бола алмайды. Осылайша теист философиялар, логикалық моделдің алға тартқан «Құдай жоқ», «бар болған жағдайда да күш-күдіретінің шегі бар» формасындағы нұсқаның екеуін де теріске шығарады. Олардың пайымдауынша атеисттердің ортаға тастаған мәселесі Құдайдың болмысымен ешқандай шиеленіс тудырмайды. Сөздерін дәйектеу мақсатында жамандық проблемасының эвиденциялық моделін ұсынған теолог, философтар мәселені мына бір нұсқамен түсіндіруге тырысқан.

– Дүниеде зұлымдық бар.

– Құдай шексіз күдірет иесі және қайырымды.

– Құдайдың дүниеде орын алған зұлымдықтарға рұқсат беруінің (көз жұмуының, үнсіз қалуының) өзіндік себебі бар (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 201).

Бұл нұсқаны алға тартқан теисттердің пікірінше ешқандай жамандық пен зұлымдық себепсіз, мақсатсыз болмайды. Шексіз хикмет, ирада (қалаушы), күш пен білім иесі Құдайдың зұлымдықтардың алдында үнсіз қалуының сөзсіз мақсұты бар. Осыған орай Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде баяндалған мына бір сөзді келтіруге болады: «Құдай тағала ешбір нәрсені

себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәфаккару фи элаа илләһи деген хадиске бинаан, бұл сунғати құдайдан» (Құнанбаев, 1954: 225).

Мәселеге басқа қырынан зер салған Генри Шурман «Күшті теодика тұжырымдамасы» (The Concept of a Strong Theodicy) атты еңбегінде «Құдай, жақсылықты сүйеді. Ол, дүниені зұлымдықтармен бірге жаратуының бір өзіндік жоспары, мақсаты бар. Ол жамандықтан бейхабар емес, алайда дүниеде орын алған әр жамандықтың бір пайдасы бар. Кейде жамандықтар үлкен жақсылықтарға жол ашуы мүмкін» (Үаса, 2014: 36) – дейді. Шын мәнінде философ қуаттағандай әлемдегі әр бір істің белгілі бір өлшемі мен мақсаты бар. Адамзат үшін ең зиянды, қауіпті әрі улы деп саналатын жылан мен шаянның өзі, өлім төсегінде жатқан адамға таптырмас дәрі болады. Сол секілді кейде адамдардың өмірде сәтсіздікке ұрынып, сүрінуі үлкен жетістіктерге жол ашуы мүмкін. Яғни, зұлымдық деп таныған құбылыстар кейде ізгілікке айналуы әбден мүмкін. Бұл турасында мұсылмандардың қасиетті жазбасында былай баяндайды: «Бір жек көрген нәрселерің сендер үшін қайырлы болуы мүмкін»<sup>3</sup>.

### Зұлымдықтың түрлері.

Зұлымдық мәселесін тек қана бір құбылыс ретінде емес, сонымен қатар философиялық, танымдық проблема ретінде көтерген Вильгельм Лейбниц (1646-1716) еңбектерінде зұлымдықтың түрлері мен теодика аясында көбірек тоқталған. Ойшыл зұлымдықтарды «метафизикалық», «табиғи» және «моральдық» деп үш түрге жіктейді. Оның пікірінше «метафизикалық жамандық» қабілетсіздіктен, жеткіліксіздіктен, «табиғи жамандық» азап шегуден, ал «моральдық жамандық» күнәдан тұрады. Сондай-ақ ғалымның көзқарасы бойынша табиғи жамандықтардың ортаға шығуы моральдық жамандықтарға, ал моральдық жамандықтар болса метафизикалық жамандықтарға байланысты (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 195). Кейбір батыстық зерттеушілер зұлымдықтарды да жалпылама «табиғи» /«физикалық» және «моральдық» деп екіге бөліп қарастырған.

а) Табиғи/физикалық зұлымдықтар – адамның ерік-қалауынан, әрекетінен тыс болатын сел, көшкін, құрғақшылық, жер сілкінісі сынды құбылыстарды айтады. Кейбір философтар «табиғи» (natural) сөзінің орнына «физикалық»

<sup>3</sup>Бақара сүресі / 216.

(physical) сөзін қолданғанды жөн көреді (Manafov, 2019: 33). Э. Мадден, П. Харре сынды натуралист философтар жоғарыда атап өткен табиғат апаттармен бірге адамзатпен байланысты болған мылқаулық, соқырлық, керемдік, мүгедектік, оба ауруы, өлім сынды жамандықтарды да осы «физикалық» түріне жатқызады (E.H. Madden, P.H. Hare, 1968: 6). Яғни, табиғи жамандықтардың өзін ішінара «табиғи апаттан, оқиғалардан (events) туындайтын» және «тумасынан бар болған немесе кейіннен ортаға шыққан» деп екіге бөлуге болады (Yagan, 2016: 33). МакКлоски физикалық зұлымдықтардың өзін ішінара төртке бөледі. а) кейбір табиғи орталар: *өнім бермейтін топырақ, шөлдер, қар мен мұз басқан таулар т.б.* ә) зиянды жаратылыстар: *қасқыр, барыс сынды жыртқыштар, жылан, шаян сынды улы тіршілік иелері, шыбын секілді микроб таситындар, зиянды паразиттер т.б.* б) табиғи апаттар: *өрт, сел, дауыл, жер сілкінісі, құрғақшылық т.б.* в) физиологиялық кемшіліктер: *сақаулық, керемдік, көрлік, мүгедектік т.б.* (Yasa, 2014: 22).

ә) Моральдық/этикалық зұлымдықтар – МакКлоскидің қысқа және қарапайым анықтамасы бойынша (immorality) моральдық, этикалық құндылықтарға қайшы өзімшілдік, менмендік, қызғаншақтық, көре алмастық, ашкөздік, азғындық, қиянат жасау, адамдар арасындағы қарым-қатынасты бұзу, бүлік шығару сынды адамнан туындайтын жамандықтарды айтамыз (H.J. McCloskey, 1960: 34). Алайда кейбір табиғи жамандық секілді көрінген құбылыстардың артқы жағында адамның ерік-қалауымен, әрекетінің бар екендігін де ескерген жөн.

### **Зұлымдық мәселесіне қатысты «пессимистік» және «оптимистік» пікірлер.**

*Мүмкін болған дүниелердің ең жаманы.* Дүниенің қайғы-қасірет пен тақсіретке толы екендігін қуаттаған, философиялық түсінікте пессимистік дүниетанымды ұстанған бұл бағыттағы ғалымдар, әділетсіздіктің әділеттен үстем екендігін, әлемде зұлымдықтың салтанат құрғандығын, тарихи процестердің мақсатсыз екендігін алға тартады. Мәселені нақтылау үшін Дэвид Хьюмнің (1711-1776) «мүмкін болған дүниелердің ең жаманы» негізінде айтқан мына сөздерін мысал ретінде ұсынсақ: *«Кенеттен әлемге бейтаныс бірі түссе, оған әлемнің зұлымдыққа толы екендігін дәлелдеу үшін ауруға толы аурухананы, қылмыскерге толы түрмені, мұхитқа батқан кемеңі, өлікке толы соғыс*

*майданын, ашаршылықтан қырылған бір халықты көрсетуші едім. Ал, әлемнің жақсы қырларын көрсету үшін қайда апаруым тиіс? Бір сарайға ма әлде театрға ма?»* (Yasa, 2015: 20). Мазмұндық жағынан осыған ұқсас көзқарас Вольтердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Вольтердің (1694-1778) пікірінше Құдайдың адамдарға зұлымдықты үлестіруі әділетсіз. Әлемде шамамен 1 млрд халық болса (ойшылдың өмір сүрген кезіндегі өлшеммен) оның 500 млн халқын жіп иіріп, тігін тіккен, баласын емізіп, үй шаруасымен айналысқан әйелдер құрайды. Ол әйелдер әлемде зұлымдық орнататындай не қылмыс жасауы мүмкін? 200 мыңдай сәби бар, ол тонау мен адам өлтіруді қайдан білсін? 200 мыңдай халқын ауру мен қарттар құрайды, бұлардың қылмыс жасауға қауқары жоқ. Қалған 100 млн халқы қылмыс жасауға бойында күш-қайраты бар жастар қалады, алайда оның 99 миллионы жұмыспен айналысып, күйбең тіршілікпен қылмыс жасауға уақыт таба алмайды. Қалған 10 млн салтанатты өмір салтын ұстанатын, болмысынан салмақты, сыпайы өз ісімен айналысқан, өзгемен ісі жоқ адамдар қалады. Статистикасын қорытындылай келе Вольтер, «жер бетінде ең дауылды қиын кезеңнің өзінде жаман деп танитын 1000 кісіден 1 ғана кісі шығады. Ол да үздіксіз, үзіліссіз қылмыс жасамайды» (Voltaire, 1977: 202) – дейді. Ойшылдың пайымдауынша қоғамдағы шағын ғана азғын, залым адамдардың салдарынан бүкіл адамзаттың сынға алынып, азапталуы әділетсіз. Сондай-ақ Вольтер, XVIII ғасырда орын алған 40.000 адамның өліміне себеп болған Лиссабон жер сілкінісін мысал келтіре отырып, «Құдай бұл жер сілкінісінде 40.000 қайырымсыз, күнәһар португалдықты таңдап алды ма? (Davies, 2011: 49) – деп Құдайдың әділдігіне қатысты ауыр сын айтады.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылған екі ойшылдың зұлымдыққа қатысты ой-толғамдарын нақты жүйелесек, әлемде орын алған ізгіліктер өз деңгейінде әділдік таба алмайды, әлем мәнсіздік пен шарасыздыққа толы, әлемде ізгілікке қарағанда зұлымдық үстем. Алайда осы тұста маңызды бір дүниені естен шығармаған жөн. Кез келген құбылысты қолға алғанда мәселеге бір жақты қарап, пессимистік тұрғыдан баға беру бізді қате ақпаратқа алып баруы ықтимал. Яғни, шынайы ақиқатқа көз жеткізу үшін құбылысқа тұтас, бүтіндік аясында қарау шарт. Зұлымдық проблемасына қатысты тарихи-философиялық тұжырымдарды

салыстырмалы түрде таразылап, талдар болсақ, кез келген құбылыстан көркемдік пен сұлулық іздеуші философтар да жоқ емес. Осы орайда «мүмкін болған дүниелердің ең көркемі» негізінде Платоннан бастап, Августин, Лейбниц, Ғазали, Омар Хаям сынды зұлымдық мәселесіне қатысты тарихи-танымдық, философиялық ой толғаған ғалымдардың пікірлеріне орын берсек.

*Мүмкін болған дүниелердің ең көркемі.* Философияның дерлік барлық салаларына ықпал еткен Вильгельм Лейбниц (1646-1716) Құдайдың зұлымдықтар алдында үнсіз қалуына байланысты оптимистік теодицеясын ортаға шығарды. Теодицеяның мазмұны бойынша дүние – ішінде орын алған зұлымдықтармен бірге болғаны үшін ғана «көркем» емес, сонымен қатар ол «мүмкін болған дүниелердің ішінде ең кереметі, ең көркемі». Адамның қиял әлемі одан асқанын жарата алмайды, елестете алмайды, түсіне де алмайды (Кауа, 2014: 55). Себебі, *барлық нәрсені білуші* абсолюттік білім иесі тарапынан жаратылғандықтан оны түйсінуге мүмкін емес және оның жаратқан нәрсесінде кемшілік жоқ (Leibniz, 2011: 48). Барузи, Лейбництің бұл ұстанымын өзінің болмысымен, ойлау жүйесімен тікелей байланыстырады. Барузи, Лейбниц жайында «ол болмысынан Құдайдың сұлулығына құштар, философияның қай терезесінен қараса да Құдайдың көркемдігін іздеуші, терең ойлары Құдай мәселесімен тығыз сабақтасқан бір философ еді» – дейді (Frederick, 1996: 13-14).

Аристотельдің ілімін тірілтуші ғалым ретінде танылған Ғараби (870-950) жамандық мәселесінде оптимистік ұстанымда болғандығын «китабул-миллә уа нусусу ухра» (ұлт және басқа да деректер жайында трактат), «фусулүл-мәдәни» (азаматтық бөлімдер) атты еңбектерінен байқауға болады. Философтың пайымдауынша жақсылық пен жамандық алғашқы себептен туындайды және бүкіл нәрсе оған байланысты. Алайда әлемде орын алған барлық нәрсе әділетке сай, ешбір ретсіздік, үйлесімсіздік жоқ (Necip, 1997: 57). Ислам ойлау жүйесінің кәлам, тасаууф саласында біршама еңбек жазған ғалымдардың бірі Ғазали (1058-1111) әлемнің кемшіліксіз, кәміл жаратылғандығын өзінің (ن الكمال أ یف سن یل) «мына өмірде біз өмір сүріп жатқан әлемнен асқан кемел бір әлемнің болуы мүмкін емес» анықтамасымен түсіндірген (Кауа, 2004: 242). Бұл сөзге мұрындық болған, Ғазалиден бастап ХІХ ғасырға дейін құдай мен жаратылыс мәселесінде тартыстарда жиі қолданылатын

Қожа Насырдың атақты мына хикаясы болатын.

«Бірде Қожанасыр жолда келе жатып жаңғақ ағашының қою көлеңкесінде демалып отырады. Ағаштың басындағы жаңғақ пен маңында орналасқан асқабақ бақшасын көріп мынадай ой түйеді: «Мына жаратылыстың қызығын-ай, асқабақтың сабағы кіп-кішкентай болғанымен жемісі аса үлкен. Ал мына діңгегі қалың еңгезердей ағаштың жемісі болса кіп-кішкентай». Ол осылай ойлап отырған сәтте басына тарс етіп бір жаңғақ түседі. Шекесі қызарған Қожа Насыр асқабаққа бір, жаңғаққа бір қарап: «Тәубә, Құдай сенің хикметіңе ендігері араласпаймын, сөзімді кері алдым. Мына ағаш егер асқабақ ағашы болғанда хәлім не болар еді» – деген екен» (Кауа, 2004: 239).

Сондай-ақ, Ғазали «Ихия-у улумид-дин» (дін ғылымдарының қайта жандануы) атты еңбегінде «Ұлы Алланың құлдарына берілген рызык, өмір, қуаныш, қайғы, иман, күпірлік сынды әлемде не бар болса барлығы да әділетке сай, ешбірінде зұлымдық жоқ. Барлық нәрсе өз өлшеммен, өз тәртібімен жасалған. Бұдан асқан кәміл, көркем, кемшіліксіз бір дүниенің болуы мүмкін емес» – дейді (Кауа, 2004: 242). Осыған ұқсас пікір білдірген ойшылдардың бірі Ибн Араби «бұл әлемнен асқан әсем дүние жоқ және ол, осы болмысымен көркем. Құдайдың шеберлігінің бейнесі өзінің жаратқан көркем жаратылыстарында көрініс тапқан. Әлем сол шебер Құдайдың бір туындысы» (Yasa, 2015: 23) – деген болатын. Қорыта айтқанда «мүмкін болған дүниелердің ең көркемі» тұжырымын қуаттаған философтардың пікірлері дерлік бірбіріне өте жақын, барлығы дүние мен адам, адам мен құдай арақатынасында туындаған мәселелерге оң көзбен қарап, құбылыстардан мән-мағына, хикмет іздеген.

### **Жамандық проблемасына қатысты дәстүрлі шешім жолдары.**

*Зұлымдық болмаса ізгілік болмайды тұжырымы.* Мәселеге онтологиялық тұрғыдан зер салған бұл тұжырым «дүниеде барлық нәрсе қарама-қайшылықтан тұрады» принципіне сүйенеді. Яғни, өмір мен өлім, жан мен тән, күн мен түн сынды қарама-қайшылықтарды бірі-бірінсіз елестету мүмкін емес. Философия тарихына көз жүгіртсек, тұжырымның алғашқы іздері Платон мен Гераклиттің көзқарастарында кездеседі. Гераклит (шамамен б.з.д. 535-475) зұлымдық пен ізгілік арасындағы қарама-қайшылықты сөз етіп қана қоймай, бұл ұғымдардың субъекттердің

құндылықтарды қабылдауына байланысты өзгеріске ұшырайтындығын алға тартады. Өз сөзімен айтар болсақ; *Теңіздің суы адам үшін жарамсыз, тұщы болғанмен балықтар үшін таптырмас тіршілік көзі. Саз балшық адам үшін лас көрінгенмен шошқа үшін жайлы мекен. Күл, шаңнан адам ластанса тауықтар онымен жуынады. Есекке алтын мен сабан ұсынсаңыз, сабанды таңдайды* (Үаса, 2014: 49). Осыған ұқсас анықтаманы Протагор (шашамен б.з.д. 485-410) берген болатын. Философ, адам өмірі үшін маңызды ішіп-жеу, ұйықтау сынды табиғи қажеттіліктер сау адам үшін жақсы, алайда ауру жанға ешқандай маңызы мен қызығы жоқ. Ауру, оған шалдыққандар үшін жаман, ал дәрігер үшін жақсы. Өлім, тіршілік иелері үшін жаман, табыт сататындар үшін табыс көзі (Hüsnü, 2016: 13) – дейді. Байқағанымыздай философия тарихында мұндай мысалдар мен тұжырымдар ұсынған ғалымдар өте көп. Тақырыпты Муртаза Мутахарридің (1919-1979) қарапайым сөзімен толықтыра кетсек; жылан, өзі үшін жақсы, бірақ оның уынан зардап шегетіндер үшін жаман. Қасқыр, өзі мен шөп үшін жақсы, бірақ қой үшін жаман. Сол секілді қой, шөп үшін жаман (Үаса, 2014: 50). Яғни, әр субъектінің өзіне келер зияны мен пайдасына қарай құндылықтар да өзгеріске ұшырап отырады.

Қазіргі заман дін философиясының белді өкілдері Нельсон Пике мен Генри Шурман «Құдайдың зұлымдықтарға рұқсат беруінің өзіндік себебі бар, зұлымдық мақсатсыз, себепсіз болмайды» принципі негізінде «зұлымдық болмаса ізгілік болмайды» тұжырымын қуаттап, одан әрі дамытты. Бұл тұжырымды ұстанған философ, теологтардың пайымдауынша дүниеде орын алған әр бір құбылыс онтологиялық тұрғыдан «аса қажетті» әлде «аз қажетті» болуы мүмкін бірақ сөзсіз «мүлдем қажетсіз» болмайды (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 203). Шәкәрім қажының сөзімен айтқанда «керексіз жаралған бір тозаңы жоқ, тәртібі таң қаларлық зор мәшине» (Құдайбердіұлы, 2000: 100).

Біз зұлымдық ретінде баға беретін, әсіресе жануарлар мен табиғат әлемінде орын алатын қолаңсыз жағдайлар ақиқатында біз ойлағандай жамандықты білдіреді ме? Брайан Дэвис (1951 туған) айтқандай «бізге маңызсыз, керексіз боп көрінген заттың шын мәнінде солай екендігіне қаншалықты сеніммен кепілдік бере аламыз?» (Үарап, 2016: 70). Жер сілкінісі, сел, көшкін, құйын, жанартау атқылауы сынды табиғи апаттар адам үшін тілсіз алапат болып

көрінгенімен табиғат үшін систематикалық және функционалдық тұрғыдан пайдасы мол. Мысалы, найзағай, боран, дауыл болмаса бір сағатқа жетпей жер жүзінің үстіңгі қабатындағы бүкіл өсімдіктердің өмір сүруін қамтамасыз ететін, атмосферлік нитрогенді өндіретін негатив электрик қуаты жойылады. Су тасқыны мен селдер болмаса ормандар ортаға шықпайды. Сол секілді жер сілкінісі мен жанартау атқылауы асқар таулардың пайда болуына түрткі болады (Holmes, 1992: 265-266). Сондықтан табиғатта болып жатқан үздіксіз үрдістер мен өзгерістер белгілі бір тәртіппен бірін-бірі толықтырып, теңдікті реттеп отыр. Жануарлар әлемі де дәл солай. Мысалы, экологиялық апатқа ұшыраған АҚШ-тағы «Yellowstone» ұлттық саябағы 1995 жылы Канададан әкелінген 14 қасқырдың салдарынан 10 жыл ішінде қайта қалыпқа келген. Жер бетінен жойылуға шақ қалған саябақта қасқырлардың келуімен еліктер мен бұғылардың популяциясы қысқарып, ауру, ақсақ жануарлардың көзі жойылды. Есесіне өсімдік алқабы ұлғайып, басқа да жануарлар мен құстар келе бастады. Қасқырлар шиебөрілердің көзін құртуымен қояндар мен тышқандардың саны артты. Құндыздар өзен арнасын бұрып, балықтар мен үйректер, бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділердің келуіне себеп болды. Нәтижесінде қысқа ғана 10 жыл ішінде қурап, жоқ болуға шақ қалып тұрған саябақ, сарқырамалар мен әртүрлі жануарларға толы ну орманға айналды. Қорыта айтқанда адам үшін жауыздық пен зұлымдықтың символы болып көрінген қасқырлар парктің тек экосистемасын ғана емес, сонымен қатар физикалық географиясын өзгеріске ұшыратты (Lister, 2006). Демек бұл мысалдардан белгілі болғандай ізгіліктердің ортаға шығуы үшін, зұлымдықтардың болуы заңдылық.

*Зұлымдық болмаса ізгілік білінбейді тұжырымы.* Зұлымдықтар мен ізгіліктердің арақатынасын эпистимологиялық тұрғыдан зерделеуге тырысқан бұл тұжырым бойынша «дүниеде барлық нәрсе қарама-қайшылығы арқылы білінеді» принципіне сүйенеді. Гераклиттің сөзімен айтқанда «ауру, сырқау болмай денсаулықтың қадірі, аш болмай тоқшылықтың не екендігі, шаршамай демалыстың маңызы білінбейді. Негізі Құдайдың жаратқан жаратылыстың барлығы көркем, тек адамзат кейбірін әділетті, ал кейбірін әділетсіз деп таниды» (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 203). Гераклиттің тұжырымдауынша адам «әділетсіз» – деп бір



құбылысты теріске шығару үшін де «әділетті» деген ұғымның не екенін білуі тиіс.

«Қалау еркіндігі» теодикасы. Қазіргі заман дін философиясының белді өкілі Алвин Плантинга (1932 туған) жамандық проблемасының бір шешім жолы ретінде «қалау еркіндігі» теодикасын (Free-Will-Defence) ұсынды. Этикалық зұлымдықтардың қайнары мен бастауына қатысты кеңінен қолданылған бұл тұжырым бойынша әлемде орын алған зұлымдықтардың дерлік көбінде адамның қатысы бар. Яғни, Құдай адамға сый ретінде еркіндік/қалау деген нығмет берді, алайда адам бұл ерік-жігерін жаман ниетте қолдануы нәтижесінде жер бетінде зұлымдық орнатты (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 205). Сондықтан ашаршылық, соғыс, геноцид, қантөгіс сынды әлемде орын алған келеңсіздіктер Құдайдың мейірімділігімен қайшы түспейді. Себебі, бұл зұлымдықтар, Құдайдың емес, адамның әрекетінен туындауда. Бұл турасында мұсылмандардың қасиетті жазбасында бірнеше аятта баяндаған: «Алла оларға зұлымдық етпеді. Бірақ олар өз-өздеріне зұлымдық еткен еді».<sup>4</sup>

Осыған байланысты атеисттік тәсілді ұстанатын кейбір философтар, құдай шексіз құдірет иесі болса не үшін адамды тек қана ізгілікті жасайтын, этика тұрғысынан кәміл етіп жаратпады? – деген сұрақты ортаға тастайды. А. Плантинга бұл сұраққа, “құдай адамды әрі еркін әрі тек дұрыс жолды таңдайтындай етіп жаратуы логика тұрғысынан шиеленіс тудырады. Бірақ бұл, құдайдың мұндай болмысты жаратуға құдіреті жетпейді деген сөз емес. Егер тек ізгілікті жасайтын, әрекеті алдын ала белгіленіп, шешіліп, анықталып қойған болса, адамның еркіндігінен сөз етудің ешқандай мән-мағынасы қалмайды (Akdemir, 2007: 197). Оның үстіне белгілі бір функцияны атқарушы робот немесе машина секілді адамдарға толы дүниеден ерікті адамдардан құралған дүние, абзалырақ” (Davies, 2011, 47) – деп жауап береді.

«Рухани кемелдену» теодикасы/рух жасау. (soul making) «Рухани кемелдену» теодикасын дамытқан қазіргі заман дін философиясының белді ғалымдардың бірі теолог әрі философ Джон Хик болып табылады. Ойшыл, Джон Киттің 1819 жылы жазған өлеңінен “soul-making” (рух жасау) терминін алып, өзінің теодикасын қалыптастырды. Ал дереккөз ретінде Иренейге (140-202) сүйенді (Yaran, 2016: 108). Теодиканың тұжырымы бойынша құдайдың зұлымдықтар

алдында үнсіз қалуының бір себебі, өмірде кездесетін қиыншылықтар арқылы адамның рухани кемелденуіне, шыңдалуына мүмкіндік сыйлау. Егер зұлымдық, қиындық, машақат болмаса өмірдің мәні жоғалады. Яғни, жамандықтар адамның кемелденуі үшін этикалық хәм рухани тұрғыдан маңызы зор. Себебі, аталмыш қиындықтар адамдар арасында қайрат, жігер, сабыр, мейірім, махаббат сынды құндылықтардың жайылуына жол ашады (Yaran, 2012: 138).

Бұл тұжырымды қуаттаған ғалымның бірі Августин, рухани кемелдену теодицеясына қатысты зерттеулер мен пікірлерге сүйене отырып, мәселені мынадай логикалық формуламен түсіндіруге тырысқан.

а) Этикасы мен руханияты бай, кемел адамдар өмір сүретін дүние сөзсіз дүниелердің ең игісі.

ә) Әрбір адам этикалық құндылықтарды үйренуге және рухани тұрғыдан өзін дамытуға, кемелденуге міндетті.

б) Олай болса, бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қайғы мен зұлымдықпен жүздесуі тиіс (R. Kılıç, M.S. Reçber, 2014: 206).

Яғни, белгілі болғандай Құдайдың адамзатқа қайғы мен азап беруінің түпкі мақсаты жазаландыру емес, керісінше рухани кемелденуіне мүмкіндік сыйлау. Осы тұрғыдан адамның қалау, еркіндігінің маңызы зор (David, 2004: 102). Тақырыпқа қатысты теисттік бағытта пікір білдірген қазіргі заман дін философиясының белді өкілдерінің бірі Нельсон Пике (1930-2010) жамандық мәселесін әке мен ұл мысалы арқылы түсіндіруге тырысады. Пике, «науқастанған баласына удай ащы дәріні бергенін әкеге қарап, қалайша мейірімсіз әке, – деп бағалаймыз? Себебі, оның мақсаты, баланың жанына азап беру емес, керісінше дерттен айықтыру» – дейді (Yasa, 2014: 36). Сол секілді Құдайдан келетін қиыншылықтар мен азаптар ақиқатында зұлымдық емес, бәлкім адамның рухани дертінен айығып, рухани кемелденуге бір мүмкіндік. Қазақ халқының жиі қолданатын «өзеннің ағысымен өлі балық қана жүзеді» – деген терең мағыналы сөзі текке айтылмаса керек.

### Қорытынды және тұжырымдама

Мақаламызды қорытындыласақ, зұлымдық ұғымы мен проблемасына қатысты теисттік және атеисттік пікірлер арасында айырмашылықтардың орын алуының басты себебі, құбылыс пен проблеманы екі түрлі дүниетанымдық қырдан қабылдауынан туындауда. Бірі, құбылысқа кү-

<sup>4</sup>Нахыл сүресі /33, Юнус сүресі/44.

мән мен шағым түрінде «пессимистік» көзбен қараса, ал екіншісі мәселені шешуде сенім мен үміт көзімен қарап, «оптимистік» жолмен құбылыстан мән-мағына іздеген.

Әлемде орын алған «метафизикалық», «физикалық» немесе «ахлақи» зұлымдықтардың қайсысы болса да Құдайдың ізгілігімен қайшы түспейді. Жоғарыда айтып өткен «зұлымдық болмаса ізгілік білінбейді» тұжырымдамасы қуаттағандай барлық нәрсе бір-біріне қарама-қайшы жұбы арқылы мәні ашылмақ. Мұны ұғыну үшін Құран тіліндегі «жақсылық және жамандық Алладан»<sup>5</sup> аятын байыпты дұрыс түсіне білу тиіс. Себебі, бүкіл жаратылыс сөзсіз Құдайдың бақылауында екені белгілі. Алайда дүниедегі орын алған кейбір зұлымдықтар, Құдайдың мәжбүрлеуінен туған құбылыс емес. «Қалау еркіндігі» (таңдау еркіндігі) теодикасын ұстанған Плантинга, Р. Свунберн қуаттағандай пенде өзінің ерік-жігерінің таңдауымен жақсылықты жасай алғаны тәрізді, зұлымдықты да жасай алатын потенциалға ие. Сондықтан жасалған қылмыстың жауапкершілігі Құдайға емес, пендеге жүктелген. Тіпті кейбір метафизикалық жамандықтардың ортаға шығуында тікелей адамдардың әсері бар екендігін ғылым дәлелдеуде. Мысалы, даун синдромы бар баланың ауруының диагнозын мамандар бірнеше формада

көрсетеді: а) бала жатырда қалыптасып келе жатқанда ананың күтінбеуі, стресс, депрессияға түсуі немесе алкогольді ішімдікті қолдануы, есірткі қабылдауы т.б. ә) бала туылу сәтінде докторлардың жіберген қателігі, б) географиялық ортаның химиялық заттармен лас тануы (Қазақстан Республикасында орналасқан Семей полигонының зардаптары), в) жақын туыстардың бірі-бірімен үйленуі. Қысқасы аталған факторлардың дерлік басым көпшілігінде адамның жіберген қателігін көруге болады. Ендеше бұл келеңсіздіктерді Құдайға арту, қылмысты Құдайға жүктеу қаншалықты әділетті, бұл әркімнің ойданына қарай өлшенбек. Құдайдың адамға берген ерік-қалауы зұлымдық емес, керісінше үлкен нығмет. Егер адамда ерік-қалауы болмаса періштеден парқы қалмаушы еді.

Сөз соңында айта кететін маңызды жайт, атеисттердің азығы болып келген зұлымдық проблемасы – шын мәнінде құдайдың әділдігін сынаушы, атеизмге жетелеуші тақырып секілді көрінгенімен тарихи тұрғыдан зерделесек атеисттерге қарағанда теист философия тарапынан көп талқыланғандығын көруге болады. Егер теология және философия саласында мұндай тақырыптар көтерілмесе мүмкін қазіргідей Құдайдың бір және бар екендігін қуаттайтын аргументтер, ғылыми-теориялық еңбектер мен теодикалар дүниеге келмес еді.

<sup>5</sup> Nisa / 78.

#### Әдебиеттер

- Akdemir F. (2007) Alvin Plantinga ve Analitik Din Felsefesi. – Ankara: Elis Yayınları. – 248 s.  
 Borowitz E. (1973) The Mask Jews Wear. – New York: Simon and Schuster. – 240 p.  
 Cebeci L. (1985) Kuranda Şer Problemi. – Ankara: Akçağ. – 320 s.  
 David C. (2004) Filozoflar ve İnanç, çev: Leyla G. – İstanbul: Haberci Yayınları. – 381s.  
 Davies B. (2011) Din Felsefesine Giriş, çev., Taştan F. – İstanbul: Paradigma Yayıncılık. – 292 s.  
 Edward, H. Madden., Peter H. Hare. (1968) Evil and the Concept of God. – İllinoi: Charles C. Thomas. – 142 p.  
 Frederick C. (1996) Çağdaş Felsefe Cilt:4, Bölüm C: Leibniz, çev., Aziz Yardımlı. – İstanbul: İdea Yayınevi. – 112 s.  
 Hüsnü A., Fatih T. (2016) Din-Ahlak Okumaları. – Ankara: Elis Yayınları. – 298 s.  
 Holmes R. (1992) Disvalues in Nature // The Monist. – № 75 (2). p. 265-266.  
 H.J. McCloskey. (1960) God and Evil // The Philosophical Quarterly. – № 10 (39). p. 97-114.  
 Kılıç R., Reçber M. (2014) Din Felsefesi. – Ankara: Grafiker Yayınları. – 432 s.  
 Kaya M. (2014) “Leibniz’de Kötülük Problemi ve Mümkün Dünyaların En İyisi Teodisesi”, *Kötülük Şarkıları // DOĞU BATI Düşünce Dergisi*. – №70. – S. 53-78  
 Kaya M.C. (2004). “Daha Mükemmel Bir Alem Var Olabilir mi? “*Leyse fi’l-ımkân*” tartışmasının kaynakları üzerine notlar” // *DİVAN İlmî Araştırmalar*. – № 16 (1). – S. 239-249.  
 Leibniz, (2011) Monadoloji, Metafizik Üzerine Konuşma, çev. A. Altınörs. – Ankara: Doğu Batı Yayınları. – 128 s.  
 Lister B., McDaniel C.N., (2006) “The Wolves of Yellowstone” // *Ecology*. – № 7. – S.1-3.  
 Manafov R. (2019) Kötülük Problemi ve Teodise. – Ankara: Elis Yayınları. – 215 s.  
 Micheal P., William H., Bruce R., David B. (2019) Akıl ve İnanç, çev: Rahim A. – İstanbul: KURE Yayınları. – 588 s.  
 Necip T. (1997) “Din Felsefesinde Kötülük Problemi” // *Marmara Üniversitesi İFD*. – № 11-12. – S. 47-79.  
 Құнанбаев А. (1954) Шығармашылық толық жинағы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. – 309 б.  
 Құдайбердіұлы Ш. (2000) Иманым. – Алматы: Арыс баспасы. – 320 б.  
 Voltaire, (1977) Felsefe Sözlüğü, çev; Ay L. – İstanbul: İnkilap ve Aka. – 684 s.  
 Yasa M. (2014) Tanrı ve Kötülük. – Ankara: Elis Yayınları. – 144 s.  
 Yaran C. S. (2012) Din Felsefesine Giriş. – İstanbul: Dem Yayınları. – 296 s.

- Yasa M. (2015) Kötülük Sorunu. – Ankara: Elis Yayınları. – 128 s.  
Yaran C.S. (2016) Kötülük ve Teodise. – İstanbul: Vadi Yayınları.– 212 s.

### References

- Akdemir F. (2007) Alvin Plantinga ve Analitik Din Felsefesi. – Ankara: Elis Yayınları. – 248 s.  
Borowitz E. (1973) The Mask Jews Wear. – New York: Simon and Schuster. – p. 240.  
Cebeci L. (1985) Kuranda Şer Problemi. – Ankara: Akçağ. – 320 s.  
David C. (2004) Filozoflar ve İnanç, çev: Leyla G. – İstanbul: Haberci Yayınları. – 381s.  
Davies B. (2011) Din Felsefesine Giriş. çev., Taştan F. – İstanbul: Paradigma Yayıncılık. – 292 s.  
Edward, H. Madden., Peter H.Hare. (1968) Evil and the Concept of God. – İllinoi: Charles C.Thomas. – 142 p.  
Frederick C. (1996) Çağdaş Felsefe Cilt:4, Bölüm C: Leibniz. çev., Aziz Yardımlı. – İstanbul: İdea Yayınevi. – 112 s.  
Hüsni A., Fatih T. (2016) Din-Ahlak Okumaları. – Ankara: Elis Yayınları. – 298 s.  
Holmes R. (1992) Disvalues in Nature // The Monist. – № 75 (2). p. 265-266.  
H.J. McCloskey. (1960) God and Evil // The Philosophical Quarterly. – № 10 (39). p. 97-114.  
Kılıç R., Reçber M. (2014) Din Felsefesi. – Ankara: Grafiker Yayınları. – 432 s.  
Kaya M. (2014) “Leibniz’de Kötülük Problemi ve Mümkün Dünyaların En İyisi Teodisesi”, *Kötülük Şarkıları // DOĞU BATI Düşünce Dergisi*. – №70. – S. 53-78  
Kaya M.C. (2004). “Daha Mükemmel Bir Alem Var Olabilir mi? “*Leyse fi’l-inkân*” tartışmasının kaynakları üzerine notlar” // *DIVAN İlmî Araştırmalar*. – № 16 (1). – S. 239-249.  
Leibniz, (2011) Monadoloji, Metafizik Üzerine Konuşma. çev. A. Altınörs. – Ankara: Doğu Batı Yayınları. – 128 s.  
Lister B., McDaniel C.N., (2006) “The Wolves of Yellowstone” // *Ecology*. – № 7. – S.1-3.  
Manafov R. (2019) Kötülük Problemi ve Teodise. – Ankara: Elis Yayınları. – 215 s.  
Micheal P., William H., Bruce R., David B. (2019) Akıl ve İnanç, çev: Rahim A. – İstanbul: KURE Yayınları. – 588 s.  
Necip T. (1997) “Din Felsefesinde Kötülük Problemi” // *Marmara Üniversitesi İFD*. – № 11-12. – S. 47-79.  
Qunanbaev A. (1954) Shygarmashylyq tolyq zhinagy. – Almaty: Qazaq SSR Gylym akademiasynyn baspasy. – 309 b.  
Qudaiberdiuly Sh. (2000) İmanym. – Almaty: Arys baspasy. – 320 b.  
Voltaire, (1977) Felsefe Sözlüğü, çev; Ay L. – İstanbul: İnkilap ve Aka. – 684 s.  
Yasa M. (2014) Tanrı ve Kötülük. – Ankara: Elis Yayınları. – 144 s.  
Yaran C. S. (2012) Din Felsefesine Giriş. – İstanbul: Dem Yayınları. – 296 s.  
Yasa M. (2015) Kötülük Sorunu. – Ankara: Elis Yayınları. – 128 s.  
Yaran C.S. (2016) Kötülük ve Teodise. – İstanbul: Vadi Yayınları.– 212 s.